

2020 - 2021 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2020 жылғы 10 тамыздағы № 174 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 тамызда № 4696 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес, Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2020 - 2021 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес орналастырылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Жылқыбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Б. Сапарбаев

Жамбыл облысы әкімдігінің

2020 жылғы 10 тамыздағы

№ 174 қаулысына 1 қосымша

2020-2021 оқу жылына арналған жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

№	Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламасы тобының коды және атауы	Барлығы	Толық оқу	Қысқартылған оқу	Оқу студенті жұмысшылығы
					Барлығы	Барлығы	ұлтты жоғары орынд
Мемлекеттік жоғары оқу орындары							

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті

1	6B10 Денсаулық сақтау	6B101 Денсаулық сақтау	В086 Жалпы медицина	10	10		770,1
---	-----------------------	------------------------	---------------------	----	----	--	-------

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

1	6B01 Педагогикалық ғылымдар	6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	В017 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	3	3		635,8
		6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	В 0 0 3 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	2	2		635,8
		6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	В010 Физика мұғалімдерін даярлау	2	2		635,8
			В012 Химия мұғалімдерін даярлау	2	2		635,8
			В 0 1 3 Биология мұғалімдерін даярлау	2	2		635,8
2	6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6B072 Өндірістік және өңдеу салалары	В 0 6 8 Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	2	2		635,8
3	6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6B081 Агрономия	В077 Өсімдік шаруашылығы	2	2		635,8

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

1	6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6B022 Гуманитарлық ғылымдар	В033 Дінтану және теология	3	3		635,8
---	--------------------------------------	-----------------------------	----------------------------	---	---	--	-------

Мемлекеттік емес жоғары оқу орындары

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті

1	6 В 0 6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6 В 0 6 1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	В 0 5 7 Ақпараттық технологиялар	2	2		635,8
	Барлығы			30	30		

Жамбыл облысы әкімдігінің
2020 жылғы "10" тамыздағы
№ 174 қаулысына 2 қосымша

2020-2021 оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

Ескерту. 2 – қосымша жаңа редакцияда – Жамбыл облысы әкімдігінің 18.03.2021 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті (Резидентура)

№	Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламасы тобының коды және атауы	Барлығы	Оқу жылы ішінде 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)
					Ұлттық жоғары оқу орындарында
1	7 R 0 9 Денсаулық сақтау медицина)	7 R 0 9 1 Денсаулық сақтау	R017 "Анестезиология және реаниматология, оның ішінде балалар анестезиологиясы және реаниматологиясы"	3	1200000
			R031 "Неонатология"	3	1200000
			R032 "Акушерия және гинекология, оның ішінде балалар гинекологиясы"	3	1200000
			R037 Неврология, оның ішінде балалар неврологиясы	3	1200000
Барлығы				12	